Trade-In шарты

Астана қ. «_____» _____ 20 _____ ж.

Бұдан әрі "Орындаушы" деп аталатын _____ атынан, _____ № _____ сенімхаттың негізінде әрекет ететін _____, бірінші тараптан және

бұдан әрі "Тапсырыс беруші" деп аталатын _____, екінші тараптан, бірлесіп "Тараптар" деп, ал жеке жоғарыда көрсетілгендей немесе "Тарап" деп аталатындар, осы төмендегілер туралы Trade - In шартын (бұдан әрі - "Шарт") жасасты:

1. Орындаушы **Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша салынып жатқан Тұрғын үй кешенінде** (бұдан әрі – "Жылжымайтын мүлік объектісі") *Тапсырыс берушінің жылжымайтын мүлік объектісін сатып алуы үшін* осы Шарттың 10 – тармағында көрсетілген бағалар және шарттар бойынша жылжымайтын мүліктің қайталама объектісін (бұдан әрі - "Екінші реттік жылжымайтын мүлік") сатуға көмектесу бойынша қызметтерді көрсетуге міндеттенеді:

Тұрғын үй кешені:	**Бірінші айға үстемеақы** **Үстемеақыны ескере отырып, құны:**
Пәтердің шартты №:	**Екінші айға үстемеақы:** **Жеңілдікті ескере отырып, құны:**
Бөлмелер саны:	**Пәтер құнынан бастапқы жарнасы (бұдан әрі – "Кепілдік жарна"):**
Жалпы ауданы:	**Броньдаудың аяқталу күні (2 ай):**
Тапсырудың болжамды мерзімі:	**Тапсырыс беруші "Билдинг Сервис" ЖШС агентімен Шарт жасасудан бас тартқан кезде (Резервтеу шарты /Алдын ала шарт/Үлестік қатысу туралы шарт) келесі сомалар ұсталады:**
Прайс құны:	1) 500 000 теңге – Тапсырыс берушінің екінші реттік жылжымайтын мүлігі сатылғанға дейін немесе осы Шарттың қолданылу мерзімі өткенге дейін ұсталатын сома.
Салынып жатқан тұрғын үй кешенінде пәтерді сатып алуға жеке ұсыныс	2) Кепілдік жарнаның сомасы Тапсырыс берушінің екінші реттік жылжымайтын мүлігін сатқаннан кейін толық көлемде ұсталады.

2. **Қызмет көрсету мерзімі** – осы Шартқа қол қойылған сәттен бастап 2 (екі) ай. Орындаушы қызметті мерзімінен бұрын орындауға құқылы.

3. Қызметтер Екінші реттік жылжымайтын мүлікті сатқаннан және Тапсырыс берушінің жаңа меншік иесімен негізгі шартқа (беру туралы шарт, талап ету құқығын басқаға беру шарты, сатып алу-сату шарты, айырбас шарты және басқалар) қол қойғаннан кейін көрсетілген болып есептеледі.

4. Тапсырыс берушінің міндеттері:

– осы Шартты жасасу кезінде Орындаушыға Екінші реттік жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелерін беру;

– Екінші реттік жылжымайтын мүлік туралы және меншік құқығы бар тұлғалар туралы толық және шынайы мәліметтер ұсыну;

- Орындаушымен анықталған ұсынылған құжаттардағы сәйкессіздіктерді жою жөнінде шараларды қабылдау;

- мәміле жасалған кезде келесі шарттардың орындалуына кепілдік беру: Екінші реттік жылжымайтын мүлікке жалдау, кепілдік, иеліктен шығару, дау-дамай, тыйым салу жүктелмеген, оған билік ету ештеңемен шектелмейді;

- Екінші реттік жылжымайтын мүліктің барлық кемшіліктері мен ақаулары туралы Орындаушыны ескерту;

- Орындаушыны сатып алушымен негізгі шартты жасасу күні немесе сатып алушының Тапсырыс берушіге кепілзатты беру күні туралы хабардар ету және мәміле жасасу кезінде, сондай-ақ кепіл затты беру кезінде Орындаушының қатысуын қамтамасыз ету;

- Екінші реттік жылжымайтын мүлікті үшінші тұлғалар арқылы немесе өз бетінше сату жөніндегі жоспарланып отырған мәміле туралы Орындаушыны хабардар ету; сатып алу-сату шартын немесе жылжымайтын мүлікті сатуды растайтын кез келген басқа құжатты жіберу;

- Екінші реттік жылжымайтын мүлік сатылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде құрылыс салушының Уәкілетті компаниясымен Резервтеу шартын /Алдын ала шартты/Үлестік қатысу туралы шартты жасасу. Осы тармақта көрсетілген мерзім аяқталған жағдайда, Құрылыс салушының Уәкілетті компаниясы Резервтеу шартын / Алдын ала шартты/Үлестік қатысу туралы шартты жасасу сәтінде қолданылып жүрген баға сегментіне сәйкес Жылжымайтын мүлік объектісінің құнын ұлғайту жағына өзгерту құқығын өзіне қалдырады, Тараптар ол туралы біледі және онымен келіседі.

4.1. Тапсырыс берушіге Жылжымайтын мүлік объектісі жарнамасының кез келген түрін орналастыруға, сондай-ақ Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін үшінші тұлғаларға беруге (беруге) тыйым салынады.

5. Тапсырыс беруші Екінші реттік жылжымайтын мүлікті сатуға үшінші тұлғалардың қызметтерін тартуға немесе дербес іске асыруға құқылы.

6. Орындаушының міндеттері:

- нарыққа талдау жүргізу, атап айтқанда, ұқсас жылжымайтын мүлік объектілеріне сұраныс пен ұсыныстардың жай-күйі;

- Тапсырыс беруші ұсынған Екінші реттік жылжымайтын мүлік құжаттарының олардың заңнама талаптарына сәйкестігін тексеру, қандай да бір сәйкессіздіктер болған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіге дереу хабарлау;

– Тапсырыс берушіге Объектіні сату мәселесі бойынша ақпараттық қызметтер көрсету.

Орындаушы _____ Тапсырыс беруші _____

7. Орындаушы және/немесе тартылған риэлтор Екінші реттік жылжымайтын мүлікті сатқан жағдайда, Тапсырыс беруші олардың қызметтеріне ақы төлеуді дербес жүзеге асырады. Орындаушының және/немесе тартылған риэлтордың тиісінше қызмет көрсетпегені үшін тек Орындаушы және/немесе тартылған риэлтор жауап береді.
8. Тапсырыс беруші "Trade-in" бағдарламасы шеңберінде және Тапсырыс берушінің Екінші реттік жылжымайтын мүлкін сатпай-ақ қолданыстағы төлемнің өзге нысанына ауысқан кезде, Орындаушы осы Шартты хабарлама жібермей және Тараптардың бұзу туралы келісімге қол қоймай автоматты түрде бұзуға құқылы. Бұл ретте, **Кепілдік жарнаның сомасын Орындаушы осы Шарттың 1-тармағына** сәйкес **ұстайды** немесе Құрылыс салушының Уәкілетті компаниясы Резервтеу шартын / Алдын ала шартты/Үлестік қатысу туралы шартты жасасу сәтінде қолданылып жүрген баға сегментіне сәйкес Жылжымайтын мүлік объектісінің құнын ұлғайту жағына қарай өзгертуге құқылы, Тапсырыс беруші ол туралы біледі және онымен келіседі.
9. Тапсырыс беруші Екінші реттік жылжымайтын мүлікті өткізу құнын Орындаушы ұсынған осы Шарттың 10 тармағында көрсетілген құннан жоғары деп белгілеген жағдайда, **Орындаушы осы Шартты Хабарлама жібермей және Тараптардың бұзу туралы келісімге қол қоймай, автоматты түрде бұзуға құқылы**, бұл ретте **Кепілдік жарнаның сомасын** Орындаушы осы Шарттың 1-тармағына сәйкес ұстайды.

10. Екінші реттік жылжымайтын мүлік туралы мәліметтер: мекенжайы

Салынған жылы:	Ауыртпалықтың болуы: жоқ
Бөлмелер саны:	Заңсыз қайта жоспарлаудың болуы: жоқ
Қабат/қабаттылық:	Жиһаздың болуы: жоқ
Қабырғалардың материалы:	Қосымша деректер: жоқ
Төбенің биіктігі:	Ескертулер: жоқ
Жалпы ауданы:	Өткізудің ұсынылатын құны:
Пәтердің жағдайы: жақсы, бастапқы	04.06 бастап - 15.06 дейін - 40 000 000 теңге бастап – дейін бастап – дейін

11. Тапсырыс беруші осы Шарттың 4.1-тармағын бұзған жағдайда, Орындаушы осы Шартты хабарлама жібермей және Тараптардың Кепілдік жарна сомасын ұстай отырып, **бұзу туралы келісімге қол қоймай, автоматты түрде бұзу құқығын өзіне қалдырады**.
12. Осы Шарт жасалған күннен бастап күшіне енеді және осы Шартқа қол қойылған күннен бастап **2 (екі) ай ішінде** қолданылады.
13. Шартты Тапсырыс беруші толығымен оқыды және Тапсырыс берушінің нақты еркі мен ниетіне сәйкес келеді.
14. Шарт қазақ тілінде бірдей 2 данада, әр Тарап үшін бір данадан жасалды.

15. Тараптардың заңды мекенжайлары және банктік деректемелері:

Тапсырыс беруші:	**Орындаушы:**
ЖСН:	ЖШС: _____
Мекенжайы:	БСН: _____
Жеке куәлік №	Мекенжайы: _____
Берілді:	ЖСК: _____
Тел.:	_____
	БСК: _____
	Сенімді тұлға:
Қолы:	/_____**М.О.**

Орындаушы _____ Тапсырыс беруші _____